

# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

## АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Алғашқы антика философтары





**Мақсаты** – кітапта көрсетілген Антика кезеңінің алғашқы философиялық тұжырымдамаларына талдау жасау.

**Жоспары:**

1. Аристотельдің төрт себебі.
2. Милет мектебі.

**Түйін сөздер**

Материалды себеп, тиімді себеп, формалды себеп, қорытынды себеп; архэ, субстанция, әлемнің түпнегізі.

«Философия тарихы Аристотельден емес, оның философия тарихнамасынан басталады», – дейді Кенни. Аристотель алдыңғы философтардың жұмыстарын сынап, жазып, жүйелі түрде зерттеген алғашқы философ болды. «Метафизиканың» бірінші кітабында ол Пифагор мен Фалестен бастап, жиырма жыл бойы ұстазы болған Платонға дейінгі ізашарларының ілімін жинақтап, мазмұндайды. Қазіргі күнге дейін балаң философия туралы ең мол және ең сенімді ақпарат көзінің бірі Аристотель болып келеді, – дейді Кенни.

Аристотель өте ертедегі грек философтарының еңбегін төрт себептен тұратын өзінің жүйесіне сәйкес жіктеуді ұсынады. Оның ойынша, ғылыми ізденіс, ең біріншіден, заттардың себебін іздеуден басталады; ал олар төрт түрлі: материалдық себеп, тиімді себеп, формалды себеп және қорытынды себеп. Төрт себеп – Аристотельдің айтуынша, бізге жалпы тәжірибемізден таныс өзгерістер туралы қоятын төрт сұрақтың жауабы. Бұл сұрақтар және дұрыс мағыналық жауаптар. Сонымен, төрт себеп – материалдық себеп (неден жасалынған?), тиімді (немесе әрекеттегі) себеп (кім жасады?), формалды себеп (жасалынған зат не болып табылады?), қорытынды себеп (қандай мақсатта жасалынды?).

Кенни аристотельдік себептерге мынадай мысал келтіреді: бас аспазшы Альфредо ризотто (тағам) әзірлегенде, ризоттоның материалдық себептері – соған қосылатын ингредиенттер (дәмдеуіштер) жатады, тиімді себеп – бас аспазшы, рецепт – формалды себеп, ал мейрамхана тамақтанушыларын қанағаттандыру – соңғы әрі қорытынды себеп. Аристотельдің пайымдауынша, ғаламды ғылыми тұрғыдан түсіну үшін әлемдегі осы әр себептің өзара әрекеттестігін зерттеу қажет.

Кіші Азияның грекиялық жағалауындағы ертедегі философтары материалдық себепке басымдық берген: олар біз өмір сүретін әлемнің негізгі ингредиенттерін іздеген. Фалес және оның шәкірттерін мынадай сұрақ мазалаған: әлемнің бастамасы – судан немесе ауадан, әлде оттан немесе жерден құралған ба, болмаса осы заттардың жиынтығынан ба? Біз бұл сұрақтың жауабын білген күннің өзінде, бұл біздің ғылыми қызығушылығымызды толық қанағаттандырмайды деп ойлады Аристотель. Тағамның құрамдас бөліктері бір-бірімен өздігінен араласпайды: оларды тұрайтын, араластыратын, қыздыратын және т.б. әрекеттер жасайтын күш керек. Аристотельдің айтуынша, көне философтардың кейбірі бұл туралы білетін және әлемдегі барлық заттың өзгерісі мен дамуы туралы өз болжамдарын ұсынған. Кейде ол ингредиенттердің бірі – от болатын және ол көп нәрседен үміттендірген болжам еді. Көп жағдайда ол бір немесе жұптасқан агенттер болуы мүмкін, екеуі де мейлінше абстрактілі, мейлінше көркем, мысалы, махаббат немесе ықылас, жанжал немесе жақсылық пен жамандық. Тағы да Аристотельдің сөзіне жүгінсек, Италияда Пифагордың айналасындағы математикаға бейім философтардың таңдаған ізденіс бағыты мүлде басқа еді. Ингредиент атауларын есепке алмағанда, рецепттер көп сандардан тұрады: мынадан мұнша грамм, анада сонша литр дегендей. Пифагордың ізбасарларын ингредиенттердің өзінен гөрі жаһандық рецептідегі сандар қызықтыратын. Аристотельдің айтуынша, олар сандар элементі – барлық заттың элементі, ал аспандағының бәрі сазды меже деп есептеген. Олар өз ізденістерінде лирада ойналатын гаммадағы ноталар шектердің арасындағы ұзындықтың түрлі сандық қатынасына сәйкесетінін түсінгенде шабыттанатын. Кейінірек олар сапалық айырмашылықтар сандық айырмашылықтардан туындайды деген жалпы идеяға келді. Олардың ізденісі, Аристотельдің сөзімен айтқанда, жаһанның формалды себептерін зерттеу еді.



Өзінің алдындағы ізашарлары туралы Аристотель былай дейді, Сократ табиғаттың әлемін зерттеуден гөрі көбірек этикаға ден қойды, ал Платон болса, өзінің философиялық теориясында Фалес пен Пифагор мектептерінің ілімін үйлестірді. Алайда Платонның идеялар Теориясы сол кездегі жүйелердің ішіндегі ең ауқымдысы болса да (ғылымды әлі ойлап таппаған), ол Аристотельге өз трактаттарында жинақтап, дамытқан түрлі себептерге байланысты бірнеше белгілер бойынша толыққанды көрінбеді. Шын мәнінде, түсіндірілуге тиіс көп нәрсе болатын, ал идеялар теориясы болса, түсіндіруді қажет ететін тағы бірнеше жаңа нәрселер қосып берді, яғни Аристотельдің ойынша, идеялар теориясы шешімдер ұсынған жоқ, керісінше, жаңа проблемалар туындатты.

Әдеби ізденістерден басталатын көптеген диссертациялардың көрсетуінше, бұрынғы жұмыстардың барлығында бос жерлер көп болған, қазір олар автордың бірегей зерттеулерімен толықтырылуы тиіс. Аристотельдің «Метафизикасы» да солардың қатарында. Ол алдыңғы буын философтары «төрт себептің» соңғысын елемегендігіне аса назар аудартады: табиғат философиясында аса маңызды рөл атқаруы тиіс болатын – қорытынды себеп. Оның айтуынша, алғашқы философия қай жағынан болса да, бос сөздерге толы, себебі ол философияның балаң шағы.

Көне грек ойшылдарынан қалған фрагменттерді оқыған қазіргі заман философтары олар қойған сұрақтарға ғана емес, сонымен қатар, оларға жауап табу үшін қолданған тәсілдерге де тәнті. Даусыз, Болмыс кітабы Аристотель қойған төрт себептік сұраққа жауап тауып береді, – дейді Кенни. Егер біз алғашқы адамның пайда болуы туралы сұрайтын болсақ, мысалы, бізге тиімді себеп – Құдай, ал материалдық себеп – жердің тозаңы, формалды себеп – бейне және Құдай іспеттілік, қорытынды себеп, адам баласы теңіздегі балыққа, әуедегі құсқа және жердегі барлық тіршілік атаулыға иелік етуіне болады. Алайда Болмыс кітабы – философиялық еңбек емес. Екінші жағынан, Пифагор аристотельдік сауалдарға жауап беруші ретінде емес, тікбұрышты үшбұрыштың гипотенузасы ұзындығының квадраты катеттерінің ұзындықтарының квадратының қосындысына тең деген теориясымен танымал. Ал Фалес болса, біздің жыл санауымызға дейінгі 585 жылы күн тұтылуын нақты болжап берген. Бұлар, әрине, философиядағы емес, геометрия мен астрономиядағы жетістік. Бұған себеп – Антикада дін, ғылым және философия арасындағы алшақтық кейінгі ғасырлардағыдай айқын болмаған. Б.з.д. VI ғ. бастап дін, ғылым және философия элементтері бір мәдени қазанда қайнайды. Біздің заманымыздың философтары, ғалымдары мен діндарлары осы көне антик ойшылдарына өздерінің зиялы бабалары деп жүгіне алады.

Милеттік мектеп Антиканың алғашқы философиялық мектебі ретінде, Фалес (б.з.д. 640/624 – 548/545) – осы мектептің негізін қалаушысы – алғашқы көне грек философы, грек философиясының атасы ретінде мойындалған. Әлемнің құрылысы туралы ойлана келіп, милеттік философтар былай айтқан: бізді көптеген заттар (мәндер) қоршап тұр, тіпті олардың көп түрлілігі шексіз. Олардың бір де біреуі екіншісіне ұқсамайды: өсімдіктер тас емес, жануарлар – өсімдік емес, теңіз – планета емес, ауа от емес және осылай шексіз кете береді. Дегенмен заттардың осындай сан түрлілігіне қараматсан, біз барлық нәрсені қоршаған әлем немесе дүние немесе Ғалам дейміз, осылайша бар заттың бірлігін мүмкін етеміз. Демек, әлем, бірегей және бүтін, яғни әлемдік көптүрлілікте барлық әртүрлі мәндерге арналған әлдебір жалпы негіз бар. Алфавитте отыздай әріп бар, бірақ олар неше түрлі әрекеттер арқылы миллиондаған сөздерді құрастыратындай іспеттес. Музыкада бар жоғы жеті нота, бірақ олардың әртүрлі үйлесуі әуендік гармонияның шексіз әлемін құрастырады. Ақырында, бізге элементарлы бөлшектердің салыстырмалы түрде көп емес жиынтығы бар екені мәлім, ал олардың әртүрлі қисындары заттар мен денелердің шексіз көп бейнелілігіне әкеледі. Мұндай қазіргі заманнан келтірілген мысалдарды жалғастыра беруге болады; әртүрлі денелер бір негізге ие екендігі айқын нәрсе. Милеттік философтар әлемнің бұл заңдылығын дәл аңғарып, барлық әлемдік айырмашылықтар саятын және шексіз әлемдік көптүрлілікте өрістетілетін негізді немесе бірегейлікті табуға талпыныс жасады. Олар барлығын реттейтін және түсіндіретін әлемнің негізгі принципін шешуге ұмтылды және оны Архэ (алғашқы бастама) деп атады.

Милеттік философтар өте маңызды философиялық идеяны алғашқы болып тұжырымдады: айналамызда көретініміз және шын мәнінде өмір сүріп жатқан нәрсе – бір емес. Бұл идея мәңгі философиялық мәселелердің бірі болып табылады – әлем өздігімен қандай: біз көріп



отырғандай ма, әлде, біз көре алмайтын, сондықтан оны білмейтін мүлде басқаша ма? Фалес, мысалы, біз айналамызда әртүрлі заттарды көреміз дейді: ағаштар, гүлдер, таулар, өзендер, және көптеген тағы басқалары. Шын мәнісінде, бұл барлық заттар бір әлемдік зат – судың әртүрлі қалпы. Ағаш – судың бір түрі, тау – басқа түрі, құс – үшінші бір түрі және солай жалғасып кете береді. Біз осы бірегей әлемдік затты көреміз бе? Жоқ, көрмейміз; біз тек қана оның қалпын немесе туындауын немесе пішінін көреміз. Ендеше, оның бар екенін қалайша білеміз? Зердеміздің арқасында, өйткені, көзбен көре алмағанды ой арқылы игере аламыз.

Фалестің екі пікірі ғылым мен діннің байланысын көрсетеді, біреуі – «Барлық жерде құдай бар» десе, екіншісі – «Су – бәрінің негізі» дегенге саяды. Фалес сонымен қатар, астроном және метеоролог болған. Кенни Фалестің күн тұтылу туралы болжамына қосымша, бір жылда 365 күн бар екенін көрсетіп, сондай-ақ жазғы және қысқы күн тоқырау кездерін алғашқы болып анықтағандығын атап өткен. Ол метеоролог ретіндегі шеберлігін өз пайдасына қолданды: зәйтүннің мол түсімін болжап, май шығаратын жерлердің бәрін алдын ала жалға алып, осындай монополияның арқасында байып кетті. Аристотель бұл туралы, философтар қаласа, оп-оңай байып кете алатынын Фалес осы ісі арқылы көрсетті дейді.

Фалес Афинаның ұлы заңгері Солонмен қатар Грекияның жеті данасының бірі саналған. Кейбір афоризмдер Фалеске тиесілі деп есептеледі. Мысалы, белгілі бір уақытқа дейін ер адамдарға үйлену әлі ерте; ал сол уақыт өткен соң – тым кеш деген екен. Фалестің мұндай ескертуі некеге деген көпғасырлық философиялық менсінбеушілікті тудырған. Шын мәнінде, біреу нағыз ұлы философтардың тізімін жасап көрсе, олардың дені сүр бойдақтар екенін көрер еді. Мысал үшін бұл тізімде Платон, Аугустин, Акуиналық Томас, Скот, Декарт, Локк, Спиноза, Юм, Кант, Гегель және Витгенштейн бар; олардың ешқайсысы да үйленбеген. Тек Аристотель ғана некені философиямен қатар алып жүруге болмайды деген пікірді бұзған ұлы ерекшелік иесі болды.

Фалестің еңбектері жайында көп нәрсе айта алмаймыз, өйткені олардың барлығы бізге айтып берілген. Сондықтан оларды мазмұндауда бізге басқа авторлардың мәлімдемелеріне жүгінуге тура келеді. Аристотель «Метафизикасында» Фалесты бар нәрсе және ол қайда оралатыны туралы, яғни бар нәрсені тудыратын бастама туралы сұрақ қоятын философияның бастауында тұр деп айтады. Аристотель сонымен қатар, Фалес осындай бастаманы су (немесе сұйықтық) деп болжамдады дейді.

Фалес өзгерістерде әрдайым тұрақты болып қалатын және көп түрлілікте бірлік көзі болып табылатын дене туралы сұрақты жиі қоятын. Фалес өзгерістер бар және барлық өзгерістерде тұрақты элемент болып қалатын бір бастама бар деп негіздеді. Ол ғаламшар құрылымының бөлігі болып табылады. Осындай «тұрақты элементті» әдетте, әлемді құраған «алғашқы бастама», түпнегіз деп атайды.

Фалес, басқалары сынды, судан пайда болатын және сонда ғайып болатын көптеген заттарды байқады. Су буға немесе мұзға айналады. Балықтар суда дүниеге келіп, сонда өледі. Тұз және бал секілді көптеген заттар суда ериді. Сонымен қатар, су тірішілік үшін қажет. Осы және осыған ұқсас қарапайым бақылаулар Фалесті су қандай да бір өзгерістер мен түрлендірулер болмасын, тұрақты болып қалатын іргелі элемент деп қабылдауына әкелуі мүмкін. Судан барлық қалған объектілер туындайды және олар да суға айналады. Ежелгі заманда адамдарға Фалестің су заттардың пайда болуын түсіндіреді деген негізгі ұстанымын қабылдау қиынға соқты, – дейді Кенни. Мұның себептері анық болмады және Аристотель су – барлығының бастамасы өйткені, барлық жануарлар мен өсімдіктер суды тіршілік ету үшін қажет ететіні туралы болжам ғана жасай алды.

Фалестің жас отандасы милеттік Анаксимандр (б.д.д. 610–547/540) артынан «Табиғат туралы» трактатын қалдырды, сондықтан оның космологиясын түсіну оңайырақ, – дейді Кенни. Фалес сияқты Милеттік Анаксимандрға да бірқатар ғылыми жетістіктер тиесілі деп есептейді: дүниежүзінің бірінші картасы, алғашқы жұлдыздар картасы, алғашқы грек күн сағаттары және т.б.

Анаксимандрдың космологиясы көп жағдайда Фалеске қарағанда, сәл күрделірек. Ең алдымен, ол жерге тірек іздемеді: жер тұрған жерінде қалады, өйткені ол басқалардан теңдей қашықтықта және оның осы бағыттан бөлек басқа бағытта жылжуына еш себеп жоқ. Екіншіден, ол ғаламның негізгі материалдарын біздің заманауи тірлігіміздегі айналамыздан көретін су немесе от сияқты кез келген элементпен теңдестіру қате деп санаған. Заттардың негізгі



қағидаттары, оның сөзі бойынша, шексіз немесе белгісіз болуы керек (апейрон). Аристотельдің пікірінше, «шексіз материал» – бәлкім, апейронға жақын біз алатын ең жақын парафраз шығар, – дейді Кенни.

Анаксимандр бастама түсінігін «архе» түсінігіне, яғни барлық тіршіліктің алғашқы бастамасына (субстанция) дейін кеңейтеді. Апейрон заттық болғанымен, ол туралы мәңгі белсенділікте, мәңгі қозғалыста бола тұра «кәрілікті білмейтін» дегеннен басқа ештеңе айтуға келмейді. Апейрон космостың тек субстанционалды ғана емес, сонымен қатар, генетикалық бастамасы. Ол – туудың және өлімнің, барлық тіршілік содан туындайтын және қажет болса жойылатын жалғыз себепші. Ортағасыр әкейлерінің бірі Анаксимандр өз космологиялық тұжырымдамасында «құдайылық санаға ештеңе қалдырмады» деп қынжылған екен. Апейрон өз-өзіне жеткілікті. Ол барлығын қамтиды және басқарады. Үшіншіден, Анаксимандр дүниені бәсекелесіп жатқан қарама-қайшылықтар алаңы ретінде көрді. Кейде қарама-қайшылықтардың бірі, кейде екіншісі басым болады: олар бір-біріне енеді, содан кейін кері шегінеді, ал олардың алмасуы өзара тәуелділік ұстанымымен реттеледі. Анаксимандр өзінің сақталған сырға толы фрагментінде былай дейді: «олар бір-біріне айыппұл төлейді және өздерінің бір-біріне жасаған әділетсіздігін уақыт төрелігінің алдында өтейді». Осылайша, қыста суық пен ылғалдылықтың жасаған басқыншылығына өтем ретінде жазда ыстық пен құрғақшылық келеді.

«Шексіз белгісіз материалдың» алғашқы қарама-қайшылығы ыстық пен суық болған, олардан біздің космосымыздың бастауында жатқан от пен жер өз дамуын алған.

Анаксимен (б.д.д. 546–525 жж.) милеттік космологтар үштігінің соңғысы болды. Кейбір ойлары жағынан ол Анаксимандрға қарағанда Фалеске жақын болды. Фалес сияқты, ол да жердің бір нәрсеге тірелуі керектігін жорамалдаған, бірақ ол тірек ретінде суды емес, ауаны ұсынды. Алғашқы бастама ретінде ауаны қабылдап, Анаксимен сирету және қойылтылу үрдісі арқылы ауадан барлық денелер: су, жер, ауа, от – туындайтыны жайында жаңа әрі маңызды идеяны енгізді. Біздің жан дем болып бізді ұстап тұрғандай, барлық әлемді құшағына алған «Ауа» ол үшін сондай дем. «Ауа» өз табиғатында – бу немесе қараңғы бұлт тұқымдас және бос қуыс іспеттес. Жер – онда самғап жүрген, оттан құралған шырақтар жазықтығы, ауа ұстап тұрған жазық диск. Анаксимен Анаксимандрдың әлемдік кеңістіктегі Ай, Күн, жұлдыздардың орналасу тәртібі туралы ілімін түзетті. Замандастар және одан кейінгі грек философтары Анаксименге басқа милеттік философтарға қарағанда көп көңіл бөлді. Пифагорлықтар оның әлем өзіне ауаны (немесе бос қуысты) тартады деген, сонымен қатар, аспан шырақтары ілімі туралы кейбір ілімдерін игеріп алды.

Милет мектебінде шынайы физика әлі жоқ, дегенмен бұл мектеп өкілдерін миф шығарушы деп те айтуға болмайды. Олар өз заманында мифтерді жоққа шығармаса да, мифтік санадан алшақтай бастады. Олар, шын мәнінде, нағыз философ та емес еді, егер тек «философия» ұғымы жаңа тебіндеп келе жатқан балаң ғылымды білдіргені ғана болмаса. Олар Платоннан бастап бүгінге дейінгі философтар пайдаланатын тұжырымдамалық талдау мен негізсіз дәлелдерді аз қолданды. Сусынға ішімдік қосып сататын алыпсатарлар тәрізді, олардың саудасында философия, ғылым және діннің элементтері ішінді қыз-қыз қайнатып, масайтатын ішімдіктей араласып кеткен.

Милет мектебі және оның өкілдерінің философиясына қысқаша шолу міне, осындай. Келесі дәрісте біз назарларыңызға Энтони Кеннидің Пифагор философиясына және оның ізбасарларына, сонымен қатар, Ксенофан философиясы мен Гераклит іліміне жасаған талдауын ұсынамыз.

## Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Аристотель бойынша болмыстың төрт себебі?
2. Аристотель бойынша Милет мектебі өкілдерінің ойларын қай себеп көп алады?
3. Пифагорлықтарға қай себепті іздеу тән?
4. Не себепті Аристотель Платонның идеялар теориясын сұрақтардың шешімін бермейді, керісінше жаңа мәселелерді әкеледі дейді?
5. Фалес су – болмыстың басы деп неге айтты?



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 1-том. Антика философиясы  
Дәріс: 2. Алғашқы антика философтары

---

6. Анаксимандрдың «апейрон» түсінігінде қандай мән жатыр?
7. Анаксимен бойынша бомыстың басында тұрған не?

### Әдебиет

1. Kenny A., (2012) A New History of Western Philosophy – In Four Parts, Clarendon Press Oxford.
2. Frege G., Grundgesetze der Arithmetik. 2 vols. Jena: Hermann Pohle, 1893-1903. Translated in part as The Basic Laws of Arithmetic: Exposition of the System. Edited and translated by Montgomery Furth. Berkeley: University of California Press, 1964.
3. Adler M., Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy. Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).
4. Асмус В.Ф., Античная философия. – М., 2005.
5. Чанышев А. Н., Курс лекций по древней философии. – М., 1981.